БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 250. (9312) | 1953 жылғы 22 декабрь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Әртүрлі халықтардың әртүрлі саяси сенімдегі және әртүрлі партия қатарындағы өкілдеріне бейбітшіліктің халықаралық Сталиндік сыйлықтарын беру совет халқының бейбітшілік ниетінің, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қорғау, сол сыяқты, демократиялық істе барлық халықтардың қалың топтарымен ынтымақтасып іс істеуге әзірлігінің тағы бір айқын белгісі болып табылады.

ҚАЗАҚ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінде

Республиканың колхоздарында мал қыстатуды жақсы ұйымдастырғандық үшін Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туларын және ақшадай сыйлық берудің шарттарын бекіту туралы

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың колхоздарында мал қыстатуды жақсы ұйымдастырғандық үшін Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туларын және ақшадай сыйлықтар берудің шарттарын бекітті.

Ауыспалы Қызыл туларды Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті озат МТС-терге, ММШС-терге, аудандар мен облыстарға ай сайын тапсырып отырады, ал ақшадай сыйлықтар мал қыстатудың қорытындылары шығарылғаннан кейін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұсынуы бойынша беріледі.

Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігіне әрбір айдың 15-де Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетіне ауыспалы Қызыл тулар тапсыру үшін, ал 1954 жылдың 20-шы майына дейін —ақшадай сыйлықтар беру үшін озат МТС-терді, ММШС-терді, аудандар мен облыстарды ұсынып отыру жүктелді.

Колхоздарда мал қыстатуды жақсы ұйымдастырғандық үшін Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туларын және ақшадай сыйлықтар берудің

ШАРТТАРЫ

АУЫСПАЛЫ ҚЫЗЫЛ ТУЛАР ТАПСЫРУ ЖӨНІНДЕ

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл тулары малдың санын сақтау және өнімділігін арттыру жөнінде ең жақсы нәтижелерге жеткен облыстарға, аудандарға, МТС-тер мен ММШС-терге ай сайын тапсырылып отырылады, бірақ, бір айдың ішінде фермаларда малдың сақталуы кемінде мынадай болуы шарт:

Облыс үшін —ересек мал —99,7 процент,
Төл —99,5 процент,
Аудан үшін—ересек мал—99,8 процент,
Төл —99,7 процент,
МТС пен ММШС-тер үшін —ересек мал —99,9 процент,
Төл —99,8 процент,

Жемшөпті мал қыстайтын қораларға тасу жоспарын орындау, жемшөпті малға беруге әзірлеу және жемшөпті үнемдеп жұмсау шарт.

Ақшадай сыйлықтар беру жөнінде

Ақшадай сыйлықтар мал қыстату аяқталғаннан кейін, яғный 1954 жылы 1 майда мал қыстату маусымында мал санын сақтау және малдың өнімділігін арттыру жөнінде ең [illegible] кен облыстарға, аудандарға, МТС-тер мен ММШС-терге беріледі. Бірақ, 1953 жылғы 1 ноябрьден 1954 жылғы 1 майға дейін фермаларда малдың сақталуы кемінде мы-

Колхоз құрылысын құлатуға ешкімге жол бермейміз

ОРДЖОНИКИДЗЕ. (Ташкент облысы), 19 декабрь. (СОТА). Орджоникидзе ауданындағы «Қызыл Өзбекстан» озат колхозының жүздеген мақта өсірушілері кеңклубқа жыйналып, ССРО Прокуратурасының баспасөзде жарияланған хабарын зейін қоя тыңдады. Хабарды партия ұйымының секретары Ю. Сапбов оқыды.

Бірінші болып атақты мақта өсіруші мол өнімнің шебері коммунист Эгамбердыев сөз алды. Ол былай деді:

—Отанға опасыздық жасаушы Берия және оның сыбайластары біздің социалистік ауыл шаруашылығының күшті қарқынмен өсуін тоқтатқысы келді, біздің бақытты колхозды тұрмысымызды тартып алғысы келді. Алайда жаулардың жоспарларының күлі көкке ұшты. Коммунизмге қарай біздің жеңіспен алға басуымызды тоқтата алатындай ешбір күш жоқ. Біз колхоз құрылысын құлатуға ешкімге жол бермейміз! Халықаралық империализмнің жалдамалыларының қатаң жазалануын талап етеміз.

Колхозшылар партия мен үкметті өздерінің барлық күш- жігерлерін СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларын тез жүзеге асыру ісіне, біздің елімізде коммунизм құрылысы ісіне жұмсайтындықтарына сендірді.

Әрқашан қырағы болу керек

ФРУНЗЕ, 19 декабрь. (СОТА). Бүкіл совет халқымен бірге, Қырғызстанның еңбекшілері Отанға опасыздық жасаушы Берияның және оның тобырының қылмысты істеріне байланысты өздерінің ызакегін және ашынуын білдіруде.

ССРО Прокуратурасының хабары, —деді кендір джут фабрикасының инженері Исаев жолдас коллектив жыйналысында, —бүкіл халықтың алдында Отанға опасыздық жасаушыларды әшкерелеп берді. Шетелдік капиталдың жалдамалысы Берия және оның сыбайластары біздің елімізде капитализмді қайта тудырғысы, Совет Одағы халықтарының мызғымас достығын бұзғысы келді. Жаулардың қылмысты жоспарлары күйреді. Әрбір совет-

Ленинград еңбекшілерінің ызалы кегі

ЛЕНИНГРАД, 19 декабрь. (СОТА). Ленинградтықтар ССРО прокуратурасының опасыз Берияның және ол топтастырған қаскүнемдер тобының ауыр қылмыстары туралы хабарын өте ызалы кекпен және ашынғандық сезіммен білді.

Қаланың фабрикалары мен заводтарының цехтарында, институттарының аудиторияларында, мекемелерінде, құрылыстарында көп адам қатыскан жыйналыстар болып өтті. Жүздеген адамдар шетел разведкасының сатылмыш агенттерінің зұлымдық тіміскіленушіліктеріне лағынат айтуда.

— Бандит Берияның қылмысты істеріне деген біздің кегіміз шексіз, —деді Киров заводының мартен цехында болған жыйналыста жылдамдатылған әдіспен болат балқытушы М. Мурзич. — Өздерінің қылмысты ісін жаңқысы келген қаскүнем тобыр совет халқына адал, партия мен үкметке берілген адамдарды жойып келді. Олар біздің елімізде капитализмді қайта тудыру, бізді күл ету үшін өкметті басып алуға тырысты. Бұлай болып шыққанды. Біздің Отанымыз мықты және қуатты.

Коммунистік партия совет халқын коммунизмге қарай сеніммен алға бастап келеді.

Біз, болат балқытушылар совет мемлекетінің қуаттылығын нығайта беру үшін бұдан да жақсы еңбек етіп, жылдық программаны мерзімінен бұрын орындаймыз.

Ленинградтың интеллигенциясы авантюристер мен шетелдік жалдамалылардың зұлым тобының қанды қылмысты істеріне шексіз ызалануда. Бүкіл совет адамдары сыяқты оқымыстылар әшкереленген қылмыстыларды қатал жазалауды талап етеді. Елдегі ең ірі техникалық жоғарғы оқу орындарының бірі— дәлмедәл механика мен оптика институтының жыйналысында ғылми қызметкер Б. Меншов сөз сөйледі. Ол былай деп мәлімдеді:

—Әрбір совет адамы Берияның және оның сыбайластарының ауыр қылмысты істеріне шексіз ызаланушылық білдіруде. Бұл қаскүнемдердің жыртқыштық әрекеттері халықтың шексіз ыза- кегін тудыруда. Олар Октябрьдің жеңісін тартып алғысы келді, елімізде капитализмді қайта тудырғысы келді. Олар ССРО халықтарының мызғымас достығын бұзғысы келді. Оны сыздар хауішті әрекеттер істегісі келді. Бірақ, олар қолдау таба алмады. Берияның соңынан шен құмар азғындардың болмашы ғана тобы ерді. Шетелдік империализмнің бұл агенттерін біз мейлінше қатал жазалауын талап етеміз.

Жазалау керек! Жаулар рақымсыз жазалансын! Ленин қаласы еңбекшілерінің бірауыздан білдірген талабы осындай. Олар, коммунизмнің салтанат құруы игілігіне тынбастан еңбек етуге әзір.

Біздің халқымыздың мызғымас бірлігі

МИНСК. 19 декабрь. (СОТА). Белоруссияның еңбекшілері ССРО Прокуратурасының халық жауы Берияның және оның сыбайластарының ісі бойынша тергеуді аяқтағандығы туралы хабармен танысты. Кәсіпорындарда, колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда, оқу орындары мен мекемелерде жыйналыстар болып өтті.

БССР Ғылым академиясының оқымыстылары, ғылми қызметкерлері, аспиранттары алдында академияның президенті В. Ф. Купревич сөз сөйледі. Ол былай деп мәлімдеді:

—Қаскүнемшілер тобына қатысушылар біздің халқымызды халықаралық империализмнің тепкісіне бергісі келді. Бірақ Берия және оның сыбайластары біздің елімізідің ішінен өздеріне дәлеметтік бірек-

Минскінің автомобиль, трактор заводтарының, «Коммунарка» фабрикасының, жұқа шуға комбинатының жұмысшылары, инженер- техник қызметкерлері өздерінің жыйналыстарында халықтың қас жауларына деген ызаланушылықтарын білдіріп сөз сөйледі.

ССРО Прокуратурасының хабарына байланысты Гомельдің, Витебскінің, Гродноның, Бобруйскінің және басқа қалалардың кәсіпорындарында көп адам қатысқан жыйналыстар болды.

Барлық жерде жыйналыстарда қарарлар қабылданып, оларда Белоруссия еңбекшілері өздерінің барлық күштерін партияның XIX съезі, ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясы және СОКП Орталық Комитетінің [illegible]

Көктемгі егіске әзірлік

Еңбек өнімділігін арттыра береміз

Біздің трактор моторларын жөндеу торабы Торанғұл МТС-нің жөндеу мастерскойындағы озат тораптардың бірі. Мұнда 7 механизатор жұмыс істейді. Олар жұмыс орнымен, керекті аспаптармен, қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етілген. Механизаторлардың күнделікті істелетін жұмыс тапсырмалары алдын ала жеткізіліп отырылады.

Мотор —трактордың ең күрделі бөлшектерінің бірі. Сондықтан трактордың қалтқысыз жұмыс істеуі моторлардың сапалы жөнделуіне байланысты. Мұны түсіне білген біздің тораптың мүшелері еңбек өнімділігін арттырумен бірге, моторлардың сапалы жөнделуіне ерекше назар аударып отыр. Тораптағы Б. Чистопалов, Н. Танкеев, В. Коралёв жолдастардың жөнделіп шығарған моторларын арнаулы комиссия «өте жақсы» деген бағамен қабылдап келеді.

Сол сыяқты Ф. Колодежный, А. Фильберт, И. Кузьменко жолдастар да өз істерінің сапалы болуын негізге ала отырып, еңбек өнімділігін арттыруда. Олар күндік тапсырмаларын үнемі 150—160 процентпен орындап жүр.

Торап мүшелері өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау, жұмыс уақытын дұрыс пайдалану, іс үстінде бір-біріне жолдастық көмек беру —еңбек өнімділігін арттырудың және істің сапалы болуының маңызды шарттары болатынын өз тәжрибелерінен көріп келеді. Біз бұл тәжрибелерімізді дамыта отырып, жаңа табыстарға жете беру үшін күресудеміз.

А. ТЕТЕРИН,
Торанғұл МТС-нің мотор жөндеу торабының бригадирі.

Егіннен мол өнім алу үшін

Соколов ауданы, Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері келесі жылдың көктемгі егісін жақсы әзірлікпен қарсы алуға жұмыла отырып, тұқым тазарту жұмысын қысқа мерзімде аяқтап шықты. Олар қолда бар күш-мүм-

	Ірі мал				төл			
	Сыйыр малы	қой мен ешкі	жылқы	шошқа	бұзау	қозы	құлын	торай
облыстар үшін	98,0	97,6	98,5	97,0	97,5	98.5	99,0	97,5
аудандар үшін	98,5	98,0	99,0	97,5	98,0	99,0	99,5	98,5
МТС және ММШС-тер үшін	99,0	98,5	99,5	98,0	98,5	99,5	99,8	99,0

АҚШАДАЙ СЫЙЛЫҚТАР:

Облыста —колхоздарда мал қыстатуды ойдағыдай өткізуге неғұрлым белсене көмектескен облыстық ұйымдардың басшы қызметкерлері мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мамандарына, ал аудандарда —сондай көмектескен аудандық ұйымдардың басшы қызметкерлері мен ауыл шаруашылығы мамандарына бөлінеді;

МТС-тер мен ММШС-терде —МТС -тер мен ММШС-тердің директорларына бірінші сыйлықтан —2.000 сом, екінші сыйлықтан —1.500, үшінші сыйлықтан — 1.000, төртінші сыйлықтан —700, бесінші сыйлықтан —500 сом бөлінеді.

Қалған сома МТС пен ММШС директорының бұйрығына сәйкес колхоз председательдеріне, МТС, ММШС және колхоз мамандарына беріледі;

ай сайын сыйлық беріп отыру үшін облыстық атқару комитеттеріне бөлінген қаражаттан облыстық атқару комитеттерінің қаулылары негізінде ноябрь айынан бастап, әрбір айдағы қорытындылар бойынша ең жақсы ферма меңгерушілеріне, бригадирлерге және жеке колхозшыларға —әрқайсысына 500—1.500 сомнан сыйлықтар беріледі.

Ферма меңгерушілеріне, бригадирлерге және колхозшыларға ақшадай сыйлықтар бір айдың ішінде бірде- бір ересек малды шығын етпеген және өткен жылдың тиісті маусымымен салыстырғанда сауып алынған сүттің мөлшерін арттырған жағдайда ғана беріледі.

„Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін“ халықаралық Сталиндік сыйлықтар Комитетінде

9 және 12 декабрьде, Москвада академик Д. В. Скобельцынның председательдік етуімен «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтар Комитетінің мәжілістері өткізілді.

Комитет быйылғы жыл үшін халықаралық Сталиндік сыйлықтар беру туралы түскен ұсыныстарды қарап, бұл мәселе бойынша қарар қабылдады.

Төменде «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» 1953 жылғы халықаралық Сталиндік сыйлықтарды беру туралы Комитеттің қаулысы жарияланып отыр.

„Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін“ 1953 жылғы халықаралық Сталиндік сыйлықтарды беру туралы

Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтар Комитетінің 1953 жылғы 12 декабрьдегі қаулысы

Бейбітшілікті сақтау және нығайту үшін күресу ісіндегі үздік еңбектері үшін мына адамдарға **«Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін»** халықаралық Сталиндік сыйлықтар **берілсін:**

Пьер **Котқа** —Ұлттық жыйналыстың депутаты (Франция)

Сахиб Синг **Сохейге** —профессор, генерал- майор, Индия парламентінің Штаттар Советінің мүшесі

Андреа **Гаджероға** —священник (Италия)

Изобелла **Блюмге** —парламенттің депутаты (Бельгия)

Говард **Фастқа** —жазушы (АҚШ)

Джон **Бернал**ға —Лондон университетінің профессоры (Англия)

Леон **Кручковскийге** —жазушы (Польша)

Пабло **Нерудаға** —жазушы (Чили)

Андреа **Андреенге** —медицина докторы, Стокгольм қаласының клиникалық лабораториясының бас дәрігері (Швеция)

Нина Васильевна **Поповаға** —Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің секретары (ССРО).

Комитеттің председателі Д. В. СКОБЕЛЬЦЫН,
Комитет председателінің орынбасарлары: ГО МО-ЖО (Қытай),
ЛУИ АРАГОН (Франция),
Комитеттің мүшелері: М. АНДЕРСОН-НЕКСЕ (Дания),
ЯН ДЕМБОВСКИЙ (Польша),
МИХАИЛ САДОВЯНУ (Румыния),
А. А. ФАДЕЕВ (ССРО),
И. Г. ЭРЕНБУРГ (ССРО).

12 декабрь 1953 жыл
Москва қаласы.

тік азамат Октябрьдің ұлы жеңістерін кеудесін төсеп қорғауға әзір.

ССРО Ғылым академиясының Қырғыз филиалы қызметкерлерінің жыйналысында филиалдың тіл, әдебиет және тарих институтының директоры Даулеткельдиев сөз сөйлеп, былай деп мәлімдеді:

— Біздің еліміздің жұмысшы табы, колхозшы шаруалар, интеллигенция капиталистік қоршау бар екенін әрқашан есте сақтауға тиіс. Идеологиялық майданның қызметкерлері біз де қырағы болуға тиістіміз. Қанішер жауларға ең қатаң жаза қолданылуын советтік әділ соттан сұраймыз.

Ауылшаруашылық машиналар жасау зауодының, былғары заводының, жұқа шұға фабрикасының, «Красный металлист» заводының және Қырғызстан астанасының басқа кәсіпорындарының коллективтері Отанға опасыздық жасаушы Берияның және оның сыбайластарының қылмысты әрекеттеріне терең ашынғандық білдірді.

таба алмады.

Совет халқы Коммунистік партияның даналылығына берік сенеді. Оның басшылығымен біздің еліміз коммунизмге қарай сеніммен алға басуда. Жаулардың тіміскіленушілігіне біз революциялық қырағылықты күшейтумен жауап береміз.

[illegible] мінбесінің пленумы қойған міндеттерді орындауға өздерінің барлық күш- жігерлерін жұмылдыратындықтарына СОКП Орталық Комитеті мен Совет үкметін сендіреді. Еңбекшілер халықтың қас жауы Берия және оның сыбайластарына совет сотының ең қатал үкім шығаруын талап етуде.

Қылмыстылар қатал жазалансын

ВИЛЬНЮС, 19 декабрь. (СОТА). Вильнюстың кәсіпорындарында, мекемелері мен оқу орындарында ССРО Прокуратурасының Отанымыздың опасыз жауы Берияның және оның сыбайластарының ісі жөніндегі хабарына байланысты көп адам қатысқан жыйналыстар өткізілуде.

«Лелия» тігін фабрикасының бірнеше жүз жұмысшы әйелдері мен жұмысшылары № 3 кең цехқа жыйналды. Смена бастығы Янина Забулените сөз сөйледі:

— Совет халқының қас жауы Берия және оның тобыры өзінің қылмысты істерін зымыяндықпен бүркемелеп келді. Олар біздің елімізде капиталистер мен помещиктер өкметін қалпына келтіруге тырысып, халықаралық империализмнің агенттері ретінде әрекет жасады.

Совет халқы өзінің революциялық қырағылығын үздіксіз арттыруға, Коммунистік партия мен Совет үкметінің төңірегіне тығыз топтаса түсуде. Біз Отанға опасыздық жасаушыларға ең қатал жазалар қолданылуын талап етеміз. Халық жауларына ешбір рақым жасалмасын!

Кәсіпорнының коллективі бірауыздан қабылданған қарарында халыққа опасыздық жасаушыларға қатал жаза қолданылуын талап етті.

кіншіліктерін орынды пайдаланулары арқасында осындай табысқа ие болды. Бұл жұмыста, әсресе, В. Матвеева, Л. Романенко, А. Лунаревич жолдастар тамаша еңбек үлгісін көрсетіп, қуатты «ВИМ» машинасымен сменалық тапсырмаларын үнемі асыра орындап отырды.

Колхозшылар еңбек өнімділігін күнненкүнге арттырып, 2400 центнер дәнді дақылдар тұқымын тазалап, шығымдылық сапаға жеткізді. Кәзіргі уақытта бұл тұқым жақсы жабдықталған қоймаларда сақталуда.

Бұл артель өткен жылы көктемгі егіске деркезінде әзірленулері арқасында барлық дақылдардан быйыл мол өнім жыйнаған еді. Колхоз мүшелері партия мен үкметіміздің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету туралы қаулысына нақтылы істермен жауап беру үшін дәнді дақылдардың шығымдылығын бұдан былай да арттыра түспек. Олар бұған қажетті бірқатар қысқы агротехникалық шараларды іске асыруда.

С. ШАҒМАНОВ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛАЛАРЫ

АЛМАТЫ

Алматы бұрын Верный деп аталды. Ол 1854 жылы негізделген. Қас қарайып, кеш болысымен- ақ шет түкпірде жатқан бұл қала қара көлеңкеленіп түнере түсетін. Тек қана генерал, губернатордың есігінің алдында сығырайған жалғыз шырақ қана жылтырайтын. Жауын жауса көшелер батпаққа айналып, күн ыстықта ақ түтек тозаң желмен ұйытқып көз аштырмайтын. Ол кездегі Верный қаласының бір-екі ішімдік шығаратын кәсіпорны ғана болды. Қаладағы бүкіл өнеркәсіп —майдагерлік темекі фабрикасы, екі диірмен, шарап шығаратын, сыра қайнататын завод.

Ұлы Октябрь революциясына дейін қаланың халі осылай болды. Социалистік революция Верныйға жаңадан жан салды. Қаланың аты ғана өзгеріп қоймай, бүкіл тұлғасы да жаңарды. Ол қайта туды.

Түрксибтің темір жолы салынғаннан кейін Алматының тұлғасы ертедегіден жылдам өзгерді. Шебер қолдар зәулім тұрғын үйлерді, өнеркәсіп орындарын, мектептерді тұрғыза бастады. Екінші бесжылдықта Қазақстан астанасына жұмсалған күрделі қаржы 200 миллион сомнан асты. Үшінші бесжылдықтың алғашқы үш жылында күрделі құрылысқа тағы да соншалық қаржы жұмсалды. Соғыстан кейінгі бесжылдықта бұл цифр екі есе артып, 400 миллион сомға жетті. Бесінші бесжылдықта қаланы ұлғайту және көркейту жұмыстарына жұмсалатын қаржы онан сайын көбейеді. Бұл бесжылдықтың алғашқы екі жылының өзінде 230 миллион сом жұмсалды. Бұл қаржының едәуір бөлігі тұрғын үйлер құрылысына жұмсалуда.

Алматы Қазақстанның ірі өнеркәсіп орталығына айналды. Мұнда жүзден аса заводтар мен фабрикалар бар. Ұзын-ұзын темір жол составтары Қыйыр Шығысқа, туысқан Ортаазиялық республикаларға, Украина Алматының белгісі соғылған түрлі бұйымдарды —металлургиялық, домналық кен, құрал-жабдықтарды, бұрғылау аспаптарын, электр станциясына арналған ленталық транспортерлерді, кәсіпорындарына арналған вагонеткаларды, темір жол магистральдарына арналған аппаратураларды алып кетіп жатады. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі кеңінен өріс алды. Жеміс консерв және ет консерв комбинаттары, қант заводы, шұға, мех, аяқкиім, трикотаж, тігін және темекі фабрикалары түрлі бұйымдардың толып жатқан ассортиментін шығарады. Жемістен және жидектен жасаған тамаша вареньесін, хош иісті темекісін, шертіп тұратын шарабын және басқа көптеген бағалы мүліктері мен тағамдарын әрбір алматылық азамат орынды мақтаныш етеді.

Алматының бүгінгі бейнесі қандай екенін түсіну үшін қаладағы үлкен көшелердің бірі —Сталин проспектімен бір жүріп өтудің өзі де жеткілікті. Бұл кең және оқтай түзу көшенің көркі көз мейірін қандырғандай. Проспект социалистік қала салу талантарына сай өсуде. Мұнда көптеген жаңа үйлер соңғы жылдарда пайдалануға берілді. Гоголь көшесінен сәл төмендеу тұрған 22 пәтерлік үй, Киров көшесінің бұрышындағы зәулім тұрғын үй Алматының сәулеттерінің бірі. 73 пәтерлік үлкен үйдің құрылыс ағаштары алынып, пайдалануға беруге даярланып жатыр, Комсомол көшесіндегі ведомстволық үйдің сыртын зейнеттеу жұмысы аяқталып келеді. Бұл үйлердің архитектураларында советтік сәулет өнері мен қазақтың ұлттық орнаментінің прогрестік формалары тамаша ұштастырылған.

Сталин проспекті мен Панфилов көшесінің аралығында, белгілі гүл алаңына қарсы Алматыдағы көлемі жағынан ең үлкен, архитектуралық көркі жағынан ең сәнді үй —Үкмет үйі салынуда. Ол белгілі архитектор Рубаненконың жобасымен салынып жатыр. Үкмет үйінің алдындағы алаңда В. И. Ленинге ескерткіш орнатылады. Алаңның оңтүстік жағы граниттен жасалған мінбе орнатылған амфитеатрмен аяқталады. Орталық алаңның бір шеті В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалының үйімен, бір жағы А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасының үйімен, Қазақстанның орталық мемлекеттік музейімен, республиканың Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің үйімен ұштасады.

Астананы қайта құрудың негізгі жоспарына жататын Алматыдағы тағы да бір неғұрлым зор архитектуралық ансамбль Қазақ ССР Ғылым Академиясының Шевченко көшесінің бойында салынатын комплексті үйі. Академияның үйін салудың жобасын советтік сәулет өнерінің аса көрнекті қайраткері академик Щусев жасаған.

Қаланың шет аймақтарындағы бос жатқан жерлер жойылуда. Батыста индустриялы аудан өсіп келеді. Тау бөктерінде ауыр машина жасайтын заводтың үйлерінен сәл жоғарылау жатқан жер бұдан бірнеше жыл бұрын мүлде бос жатқан дала еді. Кәзір ол жерді көрген адам танымай қалады. Мұнда заводтың көркем қалашығы өсіп жетілді. Одан сәл шығысқа таман теміржолшылардың әсем екі этажды үйлері салынған. Вагон жөндейтін заводтың қызметкерлері де осы жерге орналасуда. Өткен жылдың өзінде ғана Алматыда 300-ден аса көп пәтерлі үйлер салынды.

Қазақстан астанасы —социалистік мәдениеті жоғары қала. Осыдан 40-ақ жыл бұрын мұнда мектеп жасындағы әрбір 100 баладан 7 бала ғана оқыйтын еді дегенге сенудің өзі де қыйын. Кәзір қалада 55 мектеп бар. 12 жоғары оқу орнында болашақ агрономдар, дәрігерлер, педагогтер, кен инженерлері, металлургтер, музыканттар оқыйды. С. М. Киров атындағы қазақтың мемлекеттік университетінің өзінде ғана 22 мамандықтың кадрлары даярланады.

Алматы— Қазақстанның ғылми ой-пікірінің жыйнақталған жері. Мұнда Республика Ғылым Академиясының, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалының ондаған ғылми зерттеу мекемелері жұмыс істейді.

Қазақстан астанасы — қазақтың ұлттық, мазмұны социалистік бай және алуан түрлі искусствосының орталығы. Қаладағы ең тамаша үйлердің бірінде қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театры —қазақтың опералық музакасының бесігі орналасқан. Театрдың соңғы еңбегін —Е. Брусиловскийдің «Дударай» атты операсын жұртшылық сүйсінін қабылдады. Бұл қазақ халқы мен орыс халқының туысқандық достығы туралы көрнекті шығарма. Қазақтың академиялық драма театрының, жасөспірімдер театрының, филармониясының залдарына, көптеген клубтарға күн сайын мыңдаған адам келіп тұрады. Алматының мәдени-ағарту мекемелері үздіксіз өсуде. Жаңадан кинотеатрлар салынуда, кітапханалар саны көбеюде.

. . . Жылдар жылжып өткен сайын Алматы да өсіп, көркейе түсуде. Қала ер жетіп үлкеюде, бірақ картаюды білмейді. Алматының өзіне тән тамаша көркі бар. Көктемнің таңғы таза ауасын жұтып, жасыл жапырақка бөленген, раушан гүлдерге оранған қалаға құмарта қарап тұрсаң, оның мәңгі жастығын, баға жеткісіз балғындығын масаттана аңғарасың. Мұндағы ағаштарға сан жетпейді, барлық гүлзарларды санап тауса алмайсың. Соныңөзінде алматылықтар жыл сайын күзде де, көктемде де жаңадан ағаштар мен гүлдер отырғызуды тоқтатпайды. Балалар өз үйлерінің маңына гүл егеді, ағаш отырғызады, үлкендер жаңа парктер мен бауларды әсемдейді. Қаланың батыс жағындағы төрт гектарлық бульвар, 13-линиядағы екі километрлік аллея соңғы жылдардың ішінде лезде өсіп шыға келді. Жақында Алматыдағы парктер мен сквердердің көлемі 500 гектар —ягни қала аймағының жыйырмадан бір бөлігіндей жерін алады.

Бұл тамаша қалада оның құрылысшылары, көптеген заводтар мен фабрикалардың жұмысшылары, ғалымдар мен студенттер, инженерлер мен бағбандар —қарапайым совет адамдары, жаңа өмірдің қаһармандары мен жасаушылары тұрады.

В. КРЫЛОВ.

СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ

Аудандық совет кадр мәселесіне жеңіл-желпі қарайды

Колхоздардың, МТС -тердің кәзіргі заманғы техникамен жабдықталуы —ауыл шаруашылығының егіншіліктегі, сондай-ақ мал шаруашылығындағы барлық негізгі жұмыстарын механикаландыруға толық мүмкіншілік беріп отыр. Сонымен бірге мұның өзі сол техникаларды іске өнімді пайдалану үшін колхоздардың, МТС-тердің маман кадрлармен қамтамасыз етілуін керек етеді. Бірақ, Совет ауданында бұл міндет әзірге орындалмай келеді. Аудан басшылары колхоздар мен МТС-терді маман кадрлармен қамтамасыз ету мәселесіне немкетті қараушылықтан әлі күнге арылған жоқ.

Совет ауданында егін және мал шаруашылығын мықтап өркендетуге жағдайдың барлығы да бар. Солай бола тұрса да, аудан шаруашылықтың осы екі саласынан да облыстың біркатар аудандарынан артта қалып келеді. Оның себебі, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысында атап көрсетілгеніндей, аудандық партия, совет және ауылшаруашылық органдары колхоздарға, МТС-терге, совхоздарға қанағаттанғысыз басшылық етеді. Ең алдымен олар ауыл шаруашылығына кадрларды іріктеп алу, оларды орналастыру және кадрлардың арасында тәрбие жұмыстарын жүргізу сияқты аса маңызды мәселелерге жеңіл-желпі қарайды. Міне, бұл ауданда ауыл шаруашылығының артта қалуының ең басты себептері осылар болып отыр.

Сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру, колхоздар мен МТС-терді маман кадрлармен қамтамасыз ету міндетіне еңбекшілер депутаттарының аудандық Советінің атқару комитеті қалай қатысып отыр? Бұл сұраққа мына фактілер толық жауап береді. Аудандық Советтің атқару комитеті (председателі Живулина жолдас) Пленум қаулысының жарияланғанына едәуір уақыттың өткеніне қарамастан, оның колхоздарда, МТС-терде қалай орындалып жатқанын, қандай колхоз бен МТС-ке қанша маман кадр керек, оның нешеуі бар, нешеуі жоқ екенін әлі күнге білмейді. Бұл жұмыстың жағдайын сұрағанда:

— Ауданға керекті маманның қаншасының бар, жоқтығын білмеймін, әйтеуір олар жеткіліксіз гой, —деп жауап береді аудандық Совет атқару комитеті председателінің орынбасары Шалғынбаев жолдас.

Партияның шақыруы бойынша бұл ауданға барып жұмыс істеуге өз облысымыздың және басқа облыстардың кәсіпорындарынан 31 маман тілек білдірді. Олардың барлығы да облыстық ауылшаруашылық басқармасынан жолдамаларын алды. Ал, аудан орталығындағы маман дардан 24 адам колхоздар мен МТС-терге бармақшы болды. Егер бұл күшті аудандық партия, совет органдары орынды пайдалана білсе, олардың орналасуына жағдай жасап, жұмыс істеулеріне көмектессе, онда сөз жоқ, бұл олардың мамандарға, колхоздар мен МТС-терге жасаған зор қамқорлығы болар еді. Бірақ, мамандар да, колхоздар мен МТС-тер де осындай қамқорлықты, әсресе, аудандық Совет атқару комитетінің тарапынан көрмей келеді.

Барған мамандардың жұмыс істеуіне жағдай жасалмағандықтан, оларға пәтер үй берілмегендіктен Сартомар МТС-нен токарь П. Ельцов, Совет МТС-нен слесарь Н. Сафонов, механик Булагин, Шағлы МТС-нен техник Г. Павлюк, механик Н. Әкимов жолдастар істен жүрген жұмыстарын тастап кетіп қалған. Бірнеше мамандар МТС-тердің таранынан пәтер үй берілмегендіктен селодағы тұрғын адамдардың меншігіндегі үйлерге пәтерге түсіп, пәтер ақыға айына 50—60 сом ақша төлеп тұруға мәжбүр болып отыр. Ал, МТС-терге жоғарыда аталған мамандықтардағы кадрлар керек пе? Сөз жоқ, керек. МТС-тердің қайсысы болса да осылар сияқты мамандардың жеткіліксіздігінен бірнеше колхоздағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру міндетін орындай алмай отыр. Сондай- ақ МТС-терде тракторларды, тіркеу саймандарын жөндеудің барысы да өте- мөте баяу. Осы кемшіліктерді аудандық Совет атқару комитетінің басшы қызметшілері толық біле ме? Жоқ.

Бұл аудандағы тағы бір кемшілік сол— Петропавл қаласындағы кәсіпорындарынан Сартомар, Совет, Шағлы МТС-теріне барып жұмыс істеуге жолмада алған механиктер И. Ильченко, А. Прох, инженер В. Глушков, слесарьлар А. Авдеев, В. Булышев, тракторшылар М. Снегеров, П. Игнатенко, токарь П. Мельник жолдастар жұмысқа әлі күнге орналастырылған жоқ. Олардың біразы МТС-терге барып, кері қайтып отырды. Неге бұлай? Бұған мамандар кінәлі емес, олар партияның шақыруы бойынша МТС-терге барып жұмыс істеуге, партияның шақыруына іспен жауап беруге тілек білдірген адамдар. Бұған мамандардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай, тиісті қамқорлық жасай алмай отырған МТС директорлары мен аудандық, ауыл -селолық Совет атқомдері кінәлі. Өйткені, бұлар мамандарды қарсы алып, олардың жұмысқа орналасуына кезінде көмек көрсетпеді. Мамандардың жұмыс істеуге деген жақсы ниетін қостай қоймады.

Енді бір кемшілік жұмысқа орналастырылған мамандардан жауапкершілікті талап етпеу. Совет ауданында мұндай жағдай да бар. Колхозшылардың агрозоотехникалық оқуын ұйымдастырудың, бұл курстер арқылы колхозшылар бұқарасына ғылымның, озат тәжрибенің табыстарын насихаттаудың, колхозшылардың өз ішінде мамандығын арттырудың зор маңызы бар. Осындай маңызды мәселеге ерекше көңіл бөлінуі керек еді. Амал не, аудандық Совет атқару комитетінің бөлімдерінің басшылары, тіпті сол мекемені басқарып отырған Живулина жолдастың өзі де курстердегі оқудың жайын жете білмейді. Олар оқу жайын сұрай қалсаңыз жауапты кәзіргі нақтылы фактілермен емес, біреулерден естілген хабарлар бойынша, немесе, оқу жылы басталған кездегі ақпарлар бойынша беруге тырысады. Мұның өзі аудандық Совет атқомі қызметкерлерінің колхоздардағы курстердің кәзіргі жағдайын білмейтіндігін көрсетеді.

«Новый быт», Молотов атындағы колхоздарда оқу жылы басталғалы колхозшылардың оқуы небары бір-ақ рет өткізілген. Бұл колхоздардағы курстарда агрономдар Куликов, Құрманбаев жолдастар сабақ беруге тиіс еді. Бұлар өздерінің жұмысына жауапсыз қарап жүр. Солай бола тұрса да, олардан жауапкершілікті талап етіп отырған не аудандық Совет атқару комитетінің басшыларын, не МТС-тердің директорларын көрмейсіз. Аталған колхоздардың председательдері «бұл оқу жөнінде бізге көмек болмай отыр» деп қынжылады. Шынында да колхозшыларға агрономдардың да, аталған мекемелердің де таранынан көмектің болмауы қынжыларлық іс.

Ауыл шаруашылығының мамандары — колхозшы ауыл -селоның алтын қоры. Оларды тәрбиелеу, олардың жұмыс істеуіне керекті жағдайды барлығын жасап, іске дұрыс пайдалану маңызды міндет. Мамандардың өнімді еңбек етуі—ауыл шаруашылығын өркендете беру, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру күресіне келелі үлес қосады. Совет ауданындағы партия, совет, шаруашылық органдарының басшылары ауыл шаруашылығында мамандардың алатын орнына осы тұрғыдан қарап, маман кадрларды іске пайдаланудағы өздерінің кемшіліктерін дереу жоюға тиіс. Бұл іске жауапсыз қарауға еншкандай төзуге болмайды.

Б. МЫРЗАЛИН,
Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің кадрлар секторының меңгерушісі.

Петропавл шойын құю- таразы заводы жасап шығарған балалар шанасы республикамыздың барлық облыстарына көптеп таралуда. Балалар шаналарын жеткізу үшін облыстық сауда ұйымдарымен шарт жасалынды.

СУРЕТТЕ: кәншілік қолды тоқарлар тұтынатын цехтың жұмысшы әйелі **М. Казанцева** жолдастың Қарағандыға жөнелту үшін шаналар іріктеп тұрған кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Жаңа радио торабы

Жуырда Ленин ауданы, Карл Либкнехт атындағы колхозда жаңа радио торабы жұмысқа қосылды. Бұл радио торабы 130 колхозшы мен механизаторлардың үйін радиомен қамтыйды.

Осы аудандағы Корнеевка, Явленка селоларындағы радио торапторарының да қуаты арттырылуда. Явленка радио торабы үстіміздегі жылдың соңғы тоқсанының өзінде ғана жаңадан 40 колхозшы үйін радиомен қамтуға жетісті. Кәзір бұл торап арқылы 1030 колхозшылар мен қызметшілер семьясы радио арқылы хабар тыңдап отыратын болды.

В. ВОЛОШИН.

Баспасөзге белсенділікпен жазылды

Совет ауданындағы «Аралағаш» ауылшаруашылық артелінің бастауыш партия және комсомол ұйымдары колхозшылар арасында баспасөз тарату ісін ойдағыдай ұйымдастырды. Сөйтіп, колхозда 200 дана газет және 25 дана журнал таратылуын қамтамасыз етті.

Колхоздағы мектеп оқушылары да баспасөзге белсенділікпен жазылды.

Ғ. БАЛТАБАЕВ.

—000—

Еңбекшілердің шағымдары кезінде қаралсын

Ауыл -село еңбекшілерінен күн сайын еңбекшілер депутаттарының аудандық, жұмыстағы кемшіліктерді жоюға бағытталған біркатар шаралар белгіленді.

Дегенмен біркатар селолық Советтердің басшылары еңбекшілердің шағымдары мен

Болгарияның Халықтық жыйналысына сайлау

СОФИЯ, 20 декабрь. (СОТА). Бүгін Болгарияда Халықтық Жыйналысқа сайлау өтіп жатыр. Республиканың мемлекет билігінің жоғарғы органына 249 депутат сайлануға тиіс. Барлық сайлау округтерінде Отан майданының кандидаттары даусыққа түсуде, олардың ішінде болгар халқының таңдаулы ұлдары мен қыздары—жұмысшылар, шаруалар, еңбек интеллигенциясының өкілдері бар. Сайлау екінші бесжылдық жоспарды орындауға кіріскен болгар халқының орасан зор патриоттық өрлеуі жағдайында өтуде. Болгарияның еңбекшілері сайлау күнін өзінің бүкілхалықтық мерекесі ретінде қарсы алуда.

Елдің барлық жерінде жергілікті уақыт бойынша дәл сағат 7-де сайлау участоктерінің есіктері ашылды. Дауыс беру зор жігерлену үстінде басталды.

Елдің астанасы — Софияда сайлау белсенділікпен және ұйымшылдықпен өтуде. Қаланың көшелері мен алаңдары мерекедегідей безендірілген. Қоғамдық және тұрғын үйлер Болгарияның және Совет Одағының мемлекеттік туларымен, Болгарияның Коммунистік партиясы мен үкімет басшыларының портреттерімен, Халықтық Жыйналыстың депутаттығына кандидаттардың портреттерімен. Отан майданының сайлау алдындағы ұрандары және плакаттарымен безендірілген.

Күндізгі сағат 11-ге дейін қаланың көптеген сайлау участоктерінде сайлаушылардың жартысынан артығы даусыс берді София еңбекшілері астанадағы сайлау тізіміне бірінші кандидат болып енгізілген Министрлер Советінің председателі және Болгария Коммунистік партиясының Бас Секретары Вылко Червенков бастаған Отан майданы кандидаттарына белсене даусыс беруде.

Румынияда Халықтық Советтерге сайлау

БУХАРЕСТ, 20 декабрь. (СОТА). Бүгін румын халқы Халықтық Советтерге депутаттарды зор саяси өрлеу үстінде сайлауда. Өздерінің даусыстарын халықтық демократия майданының кандидаттарына беру үшін қалалардың, өнеркәсіп орталықтары мен селолардың жұмысшылары, шаруалары және интеллигенция өкілдері таңертеңгі сағат 6-дан бастап сайлау урналарына қарай ағыла бастады.

Барлық еңбекшілермен бірге Бухарестің тұрғын адамдары да өкметтің жергілікті органдарына бүгін румын халқының таңдаулы ұлдары мен қыздарын сайлауда.

Бухарестің және Бухарест облысының көптеген сайлау участоктерінде таңертеңгі сағат 11-ге дейін сайлаушылардың жартысы даусыс берді.

«БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ЕВРОПАНЫҢ ТҰРМЫС ЖАҒДАЙЫНА ҚАРСЫ ҚАСТАНДЫҚ»

«Европалық армияны» жасақтаудың жоспары туралы Ниттидің пікірі

КОПЕНГАГЕН, 20 декабрь. (СОТА). 18 декабрьде Копенгаген университетінде прогрессіл «Студентерсамфундет» қоғамының шақыруы бойынша, «европалық армия және неміс мәселесін шешу» деген тақырыпта белгілі итальян саяси қайраткері Джузеппе Нитти лекция жасады. Өзінің сөзінде Нитти «европалық армияны» жасақтаудың жоспарын «бейбітшілік пен Европаның тұрмыс жағдайына қарсы қастандық» деп сыпаттады. Неміс милитаризмінің қайта тууымен халық келісе алмайды, өйткені, халықтың онан көрген азабы өте көп.

ГААГА, 20 декабрь. (СОТА). «Де Ваархейд» газетінің хабарына қарағанда, «Бұл ешқашанда қайталанбайды» деген бірлесіктің шақыруы бойынша, жақында Амстердам және Роттердамда «европалық қорғаныс бірлестігі» деген тақырыпта лекция оқу үшін Голландияға Италияның көрнекті саяси қайраткері Джузеппе Нитти келген. Роттердамның қалалық өкмет орындары оның сөйлеуіне тыйым салған.

Амстердамда оқыған лекциясында Нитти «европалық армия» туралы договорды ратификациялау мұнан әрі соғыс шығындарының сөзсіз көбеюіне және герман қарулы күштерінің қайтадан жасақталуына әкелп соғатындығын көрсетті. Нитти өзінің сөзін капиталистік және социалистік системалардың бейбітшілікпен жарыса өмір сүруінің мүмкін екендігіне сенетіндігін мәлімдеумен аяқтады.

ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ

ПАРИЖ, 20 декабрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, дауыс берудің алтыншы турында Жозеф Лайель —397 дауыс, Марсель-Эдмон Нежлен —306 дауыс, Жан- Медесен—171 дауыс алған.

Сонымен, президенттікке ұсынылған кандидаттардың бірде-бірі басым көпшілік дауыс ала алмады; сондықтан дауыс берудің жетінші туры болады, ол 20 декабрьде Москва уақыты бойынша сағат 17-де өткізіледі.

ФРАНЦИЯДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУ

ПАРИЖ, 20 декабрь. (СОТА). Француз республикасының президентін сайлау әлі болып жатыр. Бүгін дауыс берудің жетінші туры болды.

десен —156 дауыс алды.

Кандидаттардың бірде-бірі басым көпшілік дауыс ала алмағандықтан, дауыс берудің сегізінші турын 22 сағат 30 ми-

ауылдық және селолық Советтерге түсетін дабылдар түседі. Олар еңбекшілердің дабылдары арқылы Совет органдарының жұмысына кемшіліктерді жою шараларын ұсынады. Сондықтан ауыл -селолық Советтер еңбекшілердің дабылдарына, шағымдары мен арыздарына кезінде құлақ асып отырулары қажет.

Еңбекшілер депутаттарының Петропавл аудандық Советі аткомі еңбекшілерден түскен шағымдар мен арыздарды кезінде қарау жөнінде бірқатар жұмыстар істеді. Бұл жұмыска селолық және аудандық Советтердің депутаттары белсене қатысады.

Осы жылдың өткен айлары ішінде еңбекшілерден аудандық Совет аткомінe 108 шағымдар мен арыздар түсті. Мұның 107-сін кезінде қарап, аудандық Совет аткомі еңбекшілердің дабылы бойынша Растенов жолдас аудандық Совет аткомінe Забелиннің ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзғандығын хабарлады. Аудандық Совет аткомі бұл хатты тексеріп, онда Совет аткомі бұл хатты тексеріп, онда көрсетілген фактілерді анықтады. Аудандық Совет аткомі Забелинді жауапқа тартуды аудандық прокурорға тапсырды.

Тағы да бір мысал. Асаново селосының еңбекшілері колхоз басқармасының селоны радиоландыруға көңіл бөлмейтіні жөнінде шағым жазды. Асаново селосы еңбекшілерінің бұл шағымы аудандық Совет аткомінің кезекті мәжілісінде қаралып, «Красный пахарь» колхозының председателі Овсянников жолдастан селоны тезінен радиоландыру жұмысы талап етілген-ді. Бұл талап жүзеге асырылды. Қазір село еңбекшілерінің үйлеріне радиоточкалар орнатылып, олардың барлығы да жұмыска қосылды.

дабылы бойынша жұмыстағы кемшіліктерді жойып отырмайды. Мысалы, Адам Исаевтың «Красный пахарь» колхозының мүшелігіне алуды сұраған арызы Асанов селолық Советінің председателі Бекетаев пен колхоз председателі Овсянников жолдастардың қартуына жіберілген еді. Сонан бері екі айдан астам уақыт өтті. Алтайда, селолық Совет аткомі мен колхоз басқармасы бұл арызды қарамай, күні осы күнге дейін арыз иесіне жауап бермей отыр.

Селолық, аудандық Совет аткомдері еңбекшілердің шағымдары мен арыздарын кезінде шешіп отырута міндетті. Біз еңбекшілердің шағымдары мен арыздарын төменнен болатын сынның негізгі бір түрі екенін естен шығармауымыз керек.

Ө. ЫБРАЕВ,
Петропавл аудандық Советі аткомінің председателі.

кейін

„Оқулықтар жетіспейді"

Газетіміздің осы жылғы 1 ноябрьдегі санында «Оқулықтар жетіспейді» деген тақырыппен жарияланған мақалада Октябрь ауданындағы «Балуан» колхозының дүкенінде оқулықтар сатылмайтындығы айтылған еді.

Аудандық тұтынушылар одағының председателі А. Юдин жолдас редакцияға бұл жағдайды тексергенде, фактілер толық анықталғандығын хабарлады. Сауда тәртібін бұрмалағаны үшін Семиполка селолық тұтынушылар қоғамының председателі Көпшіковке тиісті жаза қолданылған. Тұтынушылар қоғамы оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ететін болған.

Дауыс берудің нәтижесінде Ланьель—407 дауыс, Нежлен —303 дауыс, Менутте (Москва уақыты бойынша) өткізу ұйғарылды.

ИРАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ ТАЙПАЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҰРЫСТАР

ТЕГЕРАН, 20 декабрь. (СОТА). «Техране Мосаввар» журналының хабарына қарағанда, мұнан бірнеше күн бұрын. Фарс және Хузистан провинцияларының арасына орналасқан ауданда екі тайпаның арасында күшті ұрыстар басталған, соның салдарынан көптеген адамдар қаза тапқан.

Журнал осы ауданда тәртіп орнату мақсатымен Хузистан дивизиясының шара қолдануына қарамастан, таулы аудандардағы тайпалар арасындағы ұрыстар әлі болып жатыр деп жазады.

ИТАЛЬЯН ПАРЛАМЕНТІНДЕ

РИМ, 20 декабрь. (СОТА). Депутаттар палатасының кешегі мәжілісінде «европалық совет» сол сыяқты, «көмір мен болаттың европалық бірлестігі» деп аталатындарға өкілдер сайлау мәселесінде итальян үкметі жеңіліске ұшырады.

Депутат- коммунист Джан Карло Пайетта сайлауды кейінге қалдыруды ұсынды. Шаруалар демократтарының қарсылығына қарамастан, депутаттар палатасы 234 дауысқа қарсы 254 дауыспен бұл мәселенің шешілуін 12 январьға қалдыруды ұйғарды.

Сенат та осындай қарар қабылдады.

«Европалық федералистік қозғалыстың» кешегі митингісінде сөйлей келіп, Де Гаспери депутаттар палатасында дауыс беру «біздің қозғалысымыз жөнінде кейбір көңілсіздікке итермелейді» деп мәлімдеді.

Огородшыларға кеңес

Құмыралы көшет—овощьтың шығымдылығын арттырудың аса маңызды құралы

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында шымтезек- шірінді құмыраларында овощь дақылдарының көшетін өсіру әдісін өндіріске кеңінен енгізу ұсынылған.

Капуста, помидор, бұрыш, баклажан, ал, кейде қияр сыяқты аса маңызды овощь дақылдары, әдетте, алдын-ала көшетте өсіріп алып барып, онан соң далаға отырғызу жолымен өсіріледі. Мұның себебі жергілікті жағдайда өсімдіктердің вегетативтік өніп- өсу дәуірін ұзартып, бойына өнім жыйнауына неғұрлым қолайлы жағдай жасау қажеттігіне байланысты. Овощь дақылларын көшетпен өсіру әдісі өсімдіктің бастапқы өсу кезеңінде, өсімдіктер сыртқы жағдайдың (температураның, ылғалдың) кенет құбылыстарына төзе алмай, зиянды жәндіктерге ұшырайтын кезде жақсы жағдай тудырады. Жазы қыска болатын солтүстік аудандарда томатты, бұрышты, баклажанды және жылылық сүйгіш басқа да дақылдарды тек көшет арқылы өсіруге болады.

Әдеттегі көшет өсірудің негізгі кемшіліті көшетті парниктен алып, ашық далаға отырғызатын кезде оның тамыр системасының едәуір сезсіз бүлінетіндігі болып табылады. Мұндай зыянның, соның өзінде бағалы шашақты тамырлар зиянының 75 процентке жетуі, тіпті одан да көп болуы мүмкін, ал, мұның өзі өсімдікті мейлінше нәзіктендіріп, оның өсіп- жетілуін екі- үш апта кешеуілдетеді.

Көшетті шымтезек- шірінді және шірінді- топырақ құмыраларында өсіру бұл кемшілікті толығымен жояды, өйткені, көшет ашық далаға осы құмыралармен бірге апарылып отырғызылады.

Ал, көшет отырғызудың осы маңызды артықшылықтарынан басқа, овощь көшетерін қоректі құмыраларда өсіру өсімдіктердің тіршілік қабілетінің алғашқы күндерінен бастап- ақ өсіп жетілуіне өте қолайлы жағдай тудырады.

Органикалық заттардың (шымтезектің, шіріндінің, шымның және басқаларының) қоректі заттарынан жасалған құмыралар шашақты тамыр системасының қуатты болып өсуін қамтамасыз етеді. Шашақты тамырлардың жәрдемімен өсімдіктер минералдық қоректер алып, тұрады. Тамыр системасы неғұрлым мол болса, өсімдік солғұрлым қуалап тез өседі, демек, өсімдік өз өнімін бойына мол жыйнап, шаншаң жетіліп, ерте піседі.

Ашық далаға құмырамен бірге отырғызылған көшет далада онан әрі біркелкі өсе береді. Құмыралы көшет дақылы өзін парникте көп ұстауға, сөйтіп, парникте болу мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді. Құмыралы көшет дақылын өсірудің осы артықшылықтарының бәрі де овощь дақылдарының ерте пісуін және одан мол өнім алуды қамтамасыз етеді.

Москва, Ленинград облыстарының және басқа облыстардың бірқатар колхоздары мен совхоздарының озат тәжірибесі овощь дақылдарының көшетін құмырада өсірудің шаруашылыққа өте пайдалы екенін дәлелдеп отыр. Москва маңындағы Горький атындағы озат совхозда, Москва облысының Мытищи ауданындағы «Память Ильича» колхозында көшет тек шымтезек- шірінді құмыраларында өсіріледі. Бұл шаруашылықтар ерте піседі, овощьтан жыл сайын мол өнім алып, осы өніммен Москваның еңбекшілерін қамтамасыз етеді.

Овощь көшетін коректі құмыраларда өсірген Қазақстанның бірсыпыра колхоздары да овощьтың шығымдылығын едәуір арттырып, оның жетілуін, пісуін тездетті. Мысалы, Костанай облысы, Костанай ауданындағы «Красный передовик» колхозында овощь өсіруші бригадалар мен звенолар агроном М. И. Мартыненконың басшылығымен бірнеше жылдан бері овощь көшетін құмыраларда өсірумен шұғылданып келеді. 1953 жылы шірінді- топырақ құмыраларында өсірілген овощьтың өнімі әдеттегі көшеттен 20—30 процент асып түсті, ал, помидор, капуста, қияр өнімі әдеттегіден 10—15 күн ерте пісе бастады. Колхоз қауынның көшетін құмырада өсіру арқылы қауынның толық пісіп жетілуін қамтамасыз етті, ал, Костанай ауданының жағдайында қауынды әдеттегі әдіс бойынша өсіргенде ол әрдайым толық пісіп үлгермейтін.

Қарағанды облысы, Тельман ауданының Каганович атындағы, Сталин атындағы колхоздарында, Батыс Қазақстан облысы, Зеленов ауданының Фрунзе атындағы, Семей облысы, Жаңасемей ауданының Ленин атындағы, Сталин атындағы колхоздарында және республиканың басқа да бірсыпыра колхоздарында жақсы нәтижелерге қол жетті.

1954 жылдан бастап барлық колхоздар мен совхоздардың коректі құмыралар жасап, бұларда овощь көшетін өсірумен шұғылдануға тиіс болатындығы жұртқа мәлім.

Кәзір ауылшаруашылық органдарының, ауыл шаруашылығының барлық мамандарының міндеті құмырада дақылдар өсіру әдісінің маңызын колхоздарда кеңінен түсіндіріп, коректі құмыралар жасау жұмыстарын механикаландыру жөнінде практикалық шаралар белгілеуде болып отыр.

Біздің өнеркәсібіміз трактормен немесе электр моторымен жұмыс істейтін және барлық жұмысты механикаландыратын орнаулы ИГ-9 автомат -станогін жасап шығаруда. Бұл автомат -станок көлемі 6х6 см және 8х8 см текше формалы құмыралар құйып береді. Ол күніне 100—120 мың құмыра жасайды. Станокте 5—6 адам жұмыс істейді.

Жартылай автомат станоктар де бар. Агроном Н. А. Филатовтың системасы бойынша жасалған бес ұялы станок күніне 16—20 мың құмыра шығарады. Овощь шаруашылығы ғылми- зерттеу институтының системасы бойынша жасалған станок күніне 12—16 мың құмыра құйып береді. Осы станоктердің екеуінде де үш адам ғана жұмыс істейді.

Мұнымен бірге, әрбір колхоздық өзінде де күніне 4—5 мыңға дейін құмыра құюға мүмкіндік беретін төрт ұялы қарапайым станоктер жасауға болады. Мұндай станоктің формасы—берік жасалған ағаш стол, оның үстіңгі тақтайына төрт ұялы тақтай-қалып орнатылған, бұл ұялар столдың үстіңгі тақтайына тесіп өткізілген. Ұяның мөлшері құмыраның мөлшеріне тұра келеді. Тақтай- қалыптың үсті жабылады, оның ұяға дәл келетін, диаметрі 2,5 см тесіктері болады. Столдың тақтайына, ортасында диаметрі 2 см, ұзындығы 3 см шытыры бар түтқасы қондырылады. Осы шытыр тақтай- қалыптың ойылған тесігіне өткізіліп, түтқаны қысу арқылы құмыра құйып шығарады. Столдың астында, әрбір ұяға құмыраларды түртіп шығаратын тетік орнатылып, ол табан педалімен жалғастырылады.

Сталиндік сыйлықтың лауреаты профессор В. И. Эдельштейн өте оңай жасалатын станоктің үлгісін ұсынды. Бұл станок ұзындығы 60 сантиметрге жуық қатар қағылған жақтаулардан екі секцияны етіліп жасалған. Осы жақтаулардың ортасына дейін ойылған тесіктері болады, сондықтан бір секцияны екінші секцияның үстіне салғанда, қажетті мөлшерлі шаршы ұялар жасалады. Ұяларға құмыра жасайтын заттар салынып тегістеледі, станоктің үсті ұзындығы 1—1,5 см цилиндр формалы қазықтары бар тақтаймен жабылады. Осыдан кейін секциялар бірбірінен ажыратылып, олардан 49, немесе 100 текше құйылып шығады.

Құмыраларды әртүрлі мөлшерде жасауға болады. Капуста мен помидорға неғұрлым жарамды құмыралардың мөлшері: үстіңгі кеңдігі 6 см, астыңғы кеңдігі — 5 см, биіктігі —7 см.

Құмыралар жасау үшін 5—7 бөлігі (көлемі бойынша) шымтезек, бір бөлігі парник шірінділі, бір бөлігі шым және бір бөлігі аңдыз аралас қосынды алынады. Шымтезек болмағанда, оның орнына шірінді мен шым пайдаланылады.

Бес бөлігі шірінді және бір бөлігі аңдыз араласқан қосындыдан жақсы құмыралар жасауға болады. Құмыралардың қатты болуына жол бермеу үшін ірі түйіртпекті топырақ пен онша шірімеген шірінділі пайдалану қажет. Шірінді-топырақ қоспасына бір бөлігі мөлшерінде ағаш ұнтағын қосқан жақсы болады. Органикалық қордалар құмыра жасайтын жақсы материал болып табылады.

Қосынды заттар бір жерге үйіліп, мұқият араластырылады. Қосындының дымқылдығы қамыр сыяқты иленетіндей болуға тиіс. Біркелкі дымқылдық құмыра қабырғасының беріктігін және өсімдіктер тамырының оған жақсы өтуін қамтамасыз етеді.

Қосындыны араластырған кезде оған шамамен мынадай мөлшерде минералдық тынайтқыш енгізіледі: 1 текшеметр қосындыға —1,5—2 килограмм аммиак селитрасы, 6—10 килограмм суперфосфат және 1,5—2 килограмм хлорлы калий енгізіледі. Бір текшеметр қосынды 1.500—2.000 құмыра жасауға жетеді.

Құмыраларды күнілгері — қыста немесе көктемде, парникте өсімдік өсіруден бұрын жасау керек. Қыста жасалған құмыралар қатырылады, парниктің қасына үйіліп қойылады.

Агротехниканың осы озат тәсілін өндіріске ойдағыдай енгізу, құмыралар жасауды механикаландыратын құралдарды күнілгері жасап қою, қажетті қоспа материалдарды дайындау, парниктерді жөндеп, ұсақ құрал- саймандарды әзірлеу — колхоздар, МТС-тер мен совхоздар басшыларының, огород бригадалары мүшелерінің шұғыл міндеті міне осындай. Мұның өзі әрбір колхоз бен совхоздың алдағы жылы овощь дақылдарынан мол және ерте пісетін өнім алуына көмектеседі.

Агроном Н. ДЫМОВСКИЙ.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЕКІ БАЙДЫҢ ҚЫЗМЕТШІСІ»

Сеанстар сағат 6,30-8,30-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«БАСТЫҚТЫҢ ҮЙІНДЕГІ ҚОНАҚАСЫ»

Сеанстар сағат 4,30-6,30-8,30-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ»

кинотеатры 21 декабрьден бастап

«БАСТЫҚТЫҢ ҮЙІНДЕГІ ҚОНАҚАСЫ»

атты жаңа кинофильм көрсетеді. Жаңа фильмге қосымша ретінде

«ТАРАПУЛЬКА МЕН ШТЕПСЕЛЬ БҰЛТ АСТЫНДА»

қысқа метражды фильмі көрсетіледі.

Касса күндізгі сағат 3-тен бастап жұмыс істейді.

Жол қатынасы министрлігінің Петропавл қаласындағы 89-үйінде тұрушы Афанасий Петрович Мальгичев, Петропавл қаласы, Коммунист көшесі, 131-үйде тұрушы Анна Арсентьевна Мальгичевадан айрылысатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі— 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02859. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі басқа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.